

Андатпа

Мобильдік құрылғылардан алынған суреттерді өңдеу, жіктеу және тану қазіргі кезде өзекті мәселе болып табылады, оның көптеген аспектілерінің әлі күнге дейінгі тиімді шешімдері жоқ.

Бұл саладағы қолданбалы зерттеулерді дамыту негізінен, белгілі математикалық модельдерді және суреттерді өңдеу мен айырып тану әдістерін қолданудың жаңа жағдайларына бейімдеу жолымен жүруде. Алайда, бейнелерді тіркеудің функционалдық мобильді құрылғыларының ерекшеліктері, сондай-ақ оларға тән техникалық шектеулер жаңа математикалық модельдер мен әдістерді, есептеу алгоритмдерін және статикалық бейнелерді, сондай-ақ динамикалық бейне ағындарын өңдеудің, талдаудың және айырудың ақпараттық технологияларын әзірлеуді талап етеді.

Бұл дипломдық жобада нақты уақыттағы бейнелердегі тұтыну тауарларын тану үшін бағдарламалық өнімді әзірлеу қарастырылады.